

Бекітемін:
«Күниуақ» жекеменшік
бөбекжай- бақшасының
әдіскері А.Ә.Жақсылықова

«Ер Төстік және оның достары»
(Ересек «Ер Төстік » тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті)



Тәрбиешілер:Ходжа-Ахметова. К
Ыбраева.И

Таушық ауылы 2023ж
Тақырыбы: «Ер Төстік және оның достары» ертегілері.

Мақсаты: Балаларға ертегіні көңілді қабылдауға үйрету, сахналап беруге талпындыру, кейіпкердің мінез - құлқын сезіндіру, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру. Ойлау, есте сақтау, еске түсіру қабілеттерін қалыптастыру, ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылықтарын кеңінен дамыту.

Әдіс – тәсілдері: әңгіме, түсіндіру, Әр түрлі іс-әрекет барысында ертегілерді сахналау үшін белсенділік танытуда жағдай жасау. сахналау, баяндау, би.

Көрнекілігі: Ертегі кейіпкерлері, ойыншықтар, ұр тоқпақ және т.б.

I. Кіріспе бөлім:

Шаттық шеңбері:

Сәлем берер әр қазақтың баласы демекші, қонақтармен сәлемдесіп алайық.

Бәріне ізетпенен біздер сәлем береміз,

Сәлеметсіздер ме апайлар!

Сәлем, сәлем достар!

(Балалар бір-бірімен төс түйістіріп, құшақтасып амандасады)

II. Негізгі бөлім:

Тәрбиеші: -Балалар, сендер ертегіні жақсы көресіңдер ме?

-Ертегі деген сөзді қалай түсінесіңдер?

-Қандай ертегілерді білесіңдер?

-Қазақ халық ертегілерін білесіңдер ме?

-Қандай кейіпкер ұнайды сендерге?

Тәрбиеші: Балалар, ендеше мен сендерге қазақ ертегілері туралы қысқаша түсінік беріп өтейін. Ертегілер көбінесе өмірде сирек кездесетін немесе мүлде кездеспейтін, ойдан шығарылған оқиғалар баяндалады. Ол ауызша айтылып, ел есінде ғасырлар бойы сақталады. Содан ұрпақтан ұрпаққа ауысып, біздерге де жеткен. Қазақ халқы ерте кезде-ақ әрқашан зұлымдықты, әділеттік жеңеді деп, жақсы өмірді аңсаған, алыс қашықтарға тез жетуді, ғажап күшті болуды, көкке ұшуды, жер астына түсіп асыл қазынасын алып, пайдалануды армандаған. Соның бәрі ертегілерге арқау болған. Қазақ ертегілерінің түрлері көп. Соның бірі-қиял-ғажайып ертегілері. Мұнда ер жүрек, батырлар мен ерлердің басынан кешкен сан алуан ерлік оқиғалары баяндалады.

-Балалар, қазақ ертегілер әлемімен танысқыларың келе ме? Ендеше, бүгінгі ертегілер апталығына сай топтар арасында ұйымдастырып отырған Ер Төстік тобының бүлдіршіндері дайындаған **«Ер Төстік және оның достары»** атты ертегілер іс-әрекетімізге қош келдіңіздер! Қазақ ертегілер елінен келген кейіпкерлерімізбен танысатын боламыз!

Кел онда ертегіні шертейік біз.
Қауымды мына келген ертейік біз.
Қазақ ертегілер еліне бір саяхаттап,
Келгендерді соңымыздан ертейік біз.

Тәрбиеші: Өткен күн таң тамаша ертегі ғой,
Айтады ертегі сыр, ертегі ой.
Ертегі айтса еліктіріп балалар,
Қиялға қызықтырып ертеді ғой.-деп мен сендерге қазақ ертегі
кейіпкерлерінен жұмбақ жасырғым кеп тұр.Олай болса мұқият тыңдаймыз.

1.Жақсылыққа дұшпанмын.

Тісімді жұлып лақтырып,
Сыпырғышқа мініп ұшқанмын.
Жас емеспін, кәрімін,
Ертегінің сәнімін.

(Мыстан кемпір)

2. Кіп-кішкентай ғанамын,

Қысылғанда сөз табамын.
Қырық өтірік пе кедергі,
Жаңылмай айтып беремін.

(Тазша бала)

3. Денесі кіп-кішкентай,

Желмен бірге ұшады.
Аяғынан тұсаулап,
Кемпірі оны ұстайды.

(Қаңбақ шал)

Тәрбиеші: Жарайсындар,балалар!Сендер көп ертегі біледі екенсіңдер.

Жауларымен алысып жекелеген,

Батыр ма ел намысын өтемеген.

Ертегімен халқымыз ертеңіне,

Ұрпағын қызықтырып жетелеген - дей келе келесі қазақ ертегісі, ертегілердің
ішінде сүйікті ержүрек кейіпкер, батыр Ер Төстік пен және оның достары
туралы ертегі көрінісіне кезек береміз.

Көрініс: «Ер Төстік және оның достары»

Қатысушылар: Ер Төстік батыр- Азат, Епті-Әлинұр, Желаяқ- Жарас,
Көлтауысар-Нартай, Саққұлақ- Әлинұр, Таусоғар- Мансұр, Көреген- Нұрәлі.
(Балалар ертегі желісін ойнап шығады)

Тәрбиеші: Жарайсындар, балалар!

Ертегіде халықтың мұң-зары бар,

Орман,тау, өрмелейтін құздары бар.
Жамандықпен алысып,жауын жеңген,
Халқымның ұлдары мен қыздары бар. Ал,ендеше қыздарымызды «Ертегілер әлемі" биімен қарсы алыңыздар.

Би: «Ертегілер әлемі»

Қатысушылар: Аяна,Медина, Райана, Ханшайым,Ақбөбек,Аянат.

Қорытынды:

Тәрбиеші: Ертегі біздің қиялымызға қанат бітіреді екен,ертегі сендерге жамандықтан аулақ болуға,жақсылық жасауға,адалдыққа үйретеді. Керек кезде бір-біріне көмекке келеді, достығының арқасында барлығында жеңіп шығады.

Жарайсындар балалар! Сендер қазақ ертегілері туралы білімдеріңді көрсеттіңдер. Әрі қарай шыңдай біліңдер. Қазақ батырлары секілді ақылды,ержүрек болыңдар!Ендеше, келген қонақтарымызбен қоштасайық. Қош сау болыңыздар!





